

2023 –жылдың 7-8 желтоқсан Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «6D09101- Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасының философия (PhD) және бейіндік докторы дәрежесін алу үшін докторлық диссертация қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының

№4 хаттамасы

Қатысқандар: Төраға - Ибрагимов П.Ш.

Төраға орынбасары – Сансызбай А.Р.

Ғалым хатшы – Сарыбаева Д.А.

Уақытша кеңестің мүшелері – Мусаева А.К., Қаратаев Б.Ш., Кошеметов Ж.К., Канатов Б.

Күн тәртібінде:

«6D09101- Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасының философия (PhD) және бейіндік докторы дәрежесін алу үшін Төреханов Мерей Айбыновичтің «Ірі қара мал некробактериозын емдеу және диагностикалауда инновациялық тәсілдерді қолдану» тақырыбы бойынша «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы (ҰМҒТСО)» АҚ «Антиплагиат» жүйесі арқылы алынған анықтамаға сәйкестік көздерінің фрагменттеріне негіздеме беру үшін сарапшылар құру және олардың шешімін қабылдау.

Диссертациялық кеңес төрағасы Ибрагимов П.Ш.:

6D09101- Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасының философия (PhD) және бейіндік докторы дәрежесін алу үшін Төреханов Мерей Айбыновичтің «Ірі қара мал некробактериозын емдеу және диагностикалауда инновациялық тәсілдерді қолдану» тақырыбы бойынша «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы (ҰМҒТСО)» АҚ «Антиплагиат» жүйесі арқылы алынған анықтамаға сәйкестік көздерінің фрагменттеріне 2023 жылдың 7-8 желтоқсан аралығында негіздеме беру үшін сарапшылар келесі құрамда құрылсын:

1. Мусаева А.К.- в.ғ.д., қауымдастырылған профессор, уақытша кеңес мүшесі;
2. Қаратаев Б.Ш. - в.ғ.д., профессор, уақытша кеңес мүшесі;
3. Кошеметов Ж.К. - в.ғ.к., қауымдастырылған профессор, уақытша кеңес мүшесі.

Қаулы етті:

6D09101- Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасының философия (PhD) және бейіндік докторы дәрежесін алу үшін Төреханов Мерей Айбыновичтің «Ірі қара мал некробактериозын емдеу және диагностикалауда инновациялық тәсілдерді қолдану» тақырыбы бойынша «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы (ҰМҒТСО)» АҚ «Антиплагиат» жүйесі арқылы алынған анықтамаға сәйкестік көздерінің фрагменттеріне

жасалған сарапшылардың саратамалық қорытындысы бойынша шығарылған шешімі қабылдансын (сарапшылардың сараптамалық қорытындысы қоса тіркелген) және диссертациялық жұмысы ашық қорғауға жіберілсін.

Диссертациялық кеңестің төрағасы




П.Ш.Ибрагимов

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы



Д.А.Сарыбаева



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ 29.11.2023 жылғы №5777/16-01-09 анықтамасы бойынша тексерілген 8D09101 – «Ветеринариялық медицина» оқу бағдаламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Тореханов Мерей Айбыновичтың «Ірі қара мал некробактериозын емдеу және диагностикалауда инновациялық тәсілдерді қолдану» атты тақырыбына орындалған диссертациялық жұмыстың сәйкестік көздерінің фрагменттері бойынша сарапшылардың

САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

8D09101 – «Ветеринариялық медицина» оқу бағдаламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Тореханов Мерей Айбыновичтың «Ірі қара мал некробактериозын емдеу және диагностикалауда инновациялық тәсілдерді қолдану» атты тақырыбына орындалған диссертациялық жұмысында Кирикбаев С.Т. «Алматы облысының құс шаруашылықтарындағы респираторлы аурулардың патологиялық морфологиясы» (магистрлік жұмыс, 2011); Кожакүлова А.А. «Үй және жабайы құстардың несеп қышқылды диатезі» (магистрлік жұмыс, 2017); Жантелиева Л.О. Географиялық ақпараттық жүйені (ГАЗ) қолдана отырып, зоонозды гельминтоздарға мониторинг жүргізу (PhD 2021), Қамбарова З.Н. Цистицеркозбен ауырған қой ет өнімдерін морфологиялық және ветеринариялық санитариялық тұрғыдан бағалау (магистрлік жұмыс, 2017) диссертациялық жұмыстарындағы фрагменттерімен (2 бет, яғни диссертациялық жұмыстың 35-ші және 36-шы беттерінде көрсетілген) сәйкестіктер анықталған. Олар негізінен Г.В. Шор тәсілімен ұсынған патологиялық анатомиялық және Г.А. Меркуловтың ұсынған гистологиялық зерттеу методикасын қолдануға қатысты болған. Бұл сәйкестіктердің болу себебі: Ветеринария және медицина саласында патологиялық морфологиялық зерттеу, яғни сойып зерттеу Г.В. Шор ұсынған тәсілімен жүргізілсе, гистологиялық зерттеу тек Г.А. Меркулов тәсілімен жүзеге асырылады, сондықтан зерттеу тәсілі мен әдістерінде келтірілген гистологиялық зерттеуге мүше кесінділерін алуда және гистологиялық препараттарды жасауда талапқа сай ережелер сақталуы керек және диссертант М.А. Тореханов өзінің ғылыми жұмысындағы қолданылған материалдар мен зерттеу әдістері бөлімінде алынған ақпарат Жаров А.В., Иванов И.В., Стрельников А.П. «Вскрытие и патоморфологическая диагностика болезней животных» оқу құралынан алғандығын сілтеме ретінде көрсеткен. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың ғылыми әдебиетке шолу бөлімінде Розямов А.Р. «Байсерке-Агро» шаруашылығындағы ірі қараның некробактериозымен күресу шаралары (магистрлік жұмыс, 2017) тақырыбындағы аурудың патогенезін сипаттауда келтірілген 1 сөйлемде сәйкестік бар деп келтірілген, алайда екі авторда Аракелова Н.Т. «Заболевание копытец: решение проблемы». Ветеринария - 2017. № 11.-е. 17. мақаласынан қазақ тілінде аударма жасаған және докторант Тореханов Мерей өзінің ғылыми жұмысында авторға «[19]» деп сілтеме берген.

Уразбекова М.Т. «Екі апталық тауық балапандарының Ньюкасл ауруын салыстырмалы патоморфологиялық балау» (магистрлік жұмыс, 2015) және Кирикбаев С.Т. «Алматы облысының құс шаруашылықтарындағы респираторлы аурулардың патологиялық морфологиясы» (магистрлік жұмыс, 2011) диссертациялық жұмыстарындағы бауырды және өкпені гистологиялық сипаттау

бойынша кейбір фрагментте келтірілген, мазмұнына келетін болсақ, 3 авторда ұқсастық болуының себебі жасушалар мен ұлпалардағы жалпы құрылымдық өзгерістерді сипаттаған, мысалы: бауырдағы гистологиялық көрініс, созылмалы веналық гиперемияны сипаттаса, ал өкпеде экссудативті қабыну және эмфиземаны сипаттаған, аталған көріністер кез келген барлық ауру түрінде орын алатын жалпы патологиялық үрдіс және фагоцитоздық процесс орын алатын кезде міндетті түрде макрофактарда өзгерістер туындайды, сондықтан ЖОО-да патологиялық анатомияны жалпы және жеке бөлімдер түрінде оқытылады және авторлар нақты өз зерттеулеріндегі ауруға тән нақты торшалық өзгеріс деп көрсетпеген, сондықтан диссертациялық жұмыстарындағы кейбір жалпы патологиялық өзгерістер болғандықтан, кез-келген аурулар түрінде орын алады және көптеген ұқсастықтар болады. Сондықтан да олардағы гистологиялық өзгерістер жалпы бірінғай болады, сонымен қатар автор өз зерттеулері кезінде алынған патматериалдардан жасалған барлық макроскопиялық және гистологиялық препараттарымен (алынған материалдарында алған жері, мал түрі, күні, айы, қолданылған құрал-жабдықтары, макро-микро суреттері) растады.

Сөйтіп, Тореханов Мерей Айбыновичтың ұқсастық фрагменттері жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып құрастырылғандықтан, оларды плагиат материалдары ретінде қарастырудың жөні жоқ деп ойлаймыз.

Шешімі: Диссертациялық Кеңестің шешімі бойынша құрылған сарапшылар тобы «ҰМҒТСО» АҚ «Антиплагиат» жүйесін қолдану арқылы алынған ұқсастық фрагменттер патологиялық анатомиялық және гистологиялық зерттеу материалдары мен әдістері және гистологиялық зерттеуде кез – келген аурулар түрінде орын алатын жалпы патологиялық морфологиялық процестерде ұқсастықтар болғандықтан Тореханов Мерей Айбыновичтың «Ірі қара мал некробактериозын емдеу және диагностикалауда инновациялық тәсілдерді қолдану» атты тақырыбына орындалған диссертациялық жұмысы автордың өзінің тікелей зерттеулерінің нәтижелері болып табылады және оны ашық қорғауға жіберуге болады деген шешім қабылдайды.

Сарапшылар:

ЖШС «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринариялық институты» бактериология зертханасының бас ғылыми қызметкері, в.ғ.д, профессор:

 Каратаев Б.Ш.

ҚР ДСМ ШЖҚ РМК «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» «Індеттік ауруларды балау» зертханасының меңгерушісі, б.ғ.д., профессор:

 Кошеметов Ж. К.

ЖШС «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринариялық институты» бактериология зертханасының бас ғылыми қызметкері, б.ғ.д., қауымдастырылған профессор:

 Мусаева А. К.